

2024 жылғы бірінші тоқсанындағы «А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО» АҚ
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері
бойынша

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

«А.Н. Сызғанов ат. ҰҒХО» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бұл талдау ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес негізгі қағидаттарды қолдану арқылы жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау Қоғамның 2024 жылғы бірінші тоқсандағы қызметін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

- 1) интернет-ресурстардағы сайттар;
- 2) Қоғамның ішкі актілері;
- 3) Қоғамның қызметіне жүгінген азаматтармен әңгімелесу.

Ішкі талдау жүргізу барысында Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының Салық, Азаматтық және Еңбек кодекстері, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңдары және т.б. негізгі заңнамалық актілердің шеңберінде жүзеге асыратыны анықталды.

Қоғамның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қоғам ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіпте бекітілген ішкі актілерді басшылыққа алатынын атап өткен жөн.

Қоғамның ұйымдастырушылық қызметінде, әкімшілік-шаруашылық бөлімінде 2024 жылдың бірінші тоқсаны бойынша сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары анықталған жоқ.

Қоғам қаржы қызметі және мемлекеттік сатып алулар саласында Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуларды жүргізу тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды қатаң басшылыққа алады.

Сонымен қатар, «С.Ж. Асфендияров ат. Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ хатының (ұсынымының) негізінде, Қоғамның аудиторымен бірге жоғарыда аталған университетте 2023 жылы орын алған бұзушылық – ҚҚС сомасын жеткізушілерге негізсіз аударуға қосымша мониторинг жүргізілді. Есептік кезең ішінде Қоғамда мұндай бұзушылықтар орын алған жоқ.

Қоғамда кадрларды іріктеу барысында ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында қызметкерлерді басқару, оның ішінде қызметкерлерді іріктеу және қызметкерлерді алмастыру мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар бекітілді. Бос лауазымдар туралы ақпарат корпоративтік сайттың «Бос жұмыс орындары» бөлімінде, «Еңбек KZ» және «Нн» сайттарында жарияланады. Үміткерлерді іріктеу кезінде келіп түскен барлық түйіндемелер үміткерлердің лауазымдар бойынша қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талданады, содан кейін лауазымға үміткер кәсіби білімін тексеру кезеңдерінен (құрылымдық бөлімшелердің басшылары және Қоғамның Басқарма төрағасының орынбасарларымен әңгімелесу) өтеді. Меритократия қағидаттары сақталады.

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау алғышарттарының алдын алу мақсатында ресми сайтта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі, сенім телефоны және хаттарға (шағымдарға) арналған жәшіктер жұмыс істейді, 2024 жылдың бірінші тоқсанында сыбайлас жемқорлық сипатындағы шағымдар түскен жоқ.

Ағымдағы жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Қоғамның қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынымдарына сәйкес және 2023 жыл ішіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қорытынды талдауы негізінде тәуекелге бейім лауазымды тұлғалардың тізбесі қамтылған тәуекелдер картасы әзірленді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы қоса ұсынылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңына сәйкес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымға сәйкес, Қоғамда басшылық бекіткен денсаулық сақтау, медицина – қоғамдық қатынастар саласында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» бар.

Бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың» мақсаты – Қоғам қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін орнату. Міндеті – Қоғам қызметкерлерінің

сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты дағдысын қалыптастыру. Есептік кезең ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың» міндеттері сәтті жүзеге асырылып келеді.

Қорытындыда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі ішкі мониторинг және оларды Қоғамның қызметінде азайту және жою бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес тұрақты түрде жүргізілетінін атап өткен жөн.

Комплаенс-офицер

Е.А. Кульбаев